

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 28 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және шақырылғандар! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған заң Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған хаттаманы ратификациялау мәселесіне арналған.

Келісімге 2025 жылғы 29 мамырда Астана қаласында қол қойылды және 2025 жылғы 4 қыркүйекте Оман Сұлтандығында келісім ратификацияланды. Келісімнің басты мақсаты – кәсіпкерлер мен инвесторлардың бір табысқа екі мемлекетте қатар салық төлеуіне жол бермеу. Бүгінде еліміз Қытай, Ұлыбритания, Канада, Германия сияқты 55 мемлекетпен мұндай келісімдерге қол қойған болатын.

Құрметті әріптестер, жаһандық экономика жағдайында мемлекеттер арасындағы сенімді әрі ашық салықтық құқықтық база инвестиция тартудың, бизнесті дамытудың және экономикалық серіктестікті нығайтудың маңызды тетіктерінің бірі. Оман Сұлтандығымен жасалып отырған бұл құжат инвестиция тартудағы сол жүйелі жұмыстың жалғасы.

Оман мемлекетімен арада соңғы он жылдың ішінде бізде 27 миллион долларға жуық тауар айналымы болды. Оның ішінде тауар айналымындағы импорт 18 миллион долларды құрайды, ал экспорт 9 миллион долларға жуық. Қазіргі таңда біздің мемлекетте Оман капиталымен жеті мекеме тіркелген, оның алтауы тұрақты түрде жұмыс жасауда. Егер келісімнің кейбір салықтық мәселелеріне көңіл аударатын болсақ, келісімнің 2-бабына сәйкес оның Қазақстан Республикасында қолданылуы салықтың үш түріне – корпоративтік табыс салығына, жеке табыс салығына және заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын болады. Оманда мүліктік және жеке табыс салығы болмағандықтан тек қана табыс салығына байланысты қолданылатын болады.

Келісімнің 11-бабына сәйкес негізгі салынатын салық сол салық пайыздарының негізінен алынатын 10 пайызына ғана қолданылатын болады. Сонымен бірге келісімнің 21-бабына сәйкес оқытушылар мен ғалымдардың сыйақысы қабылдаушы елде үш жылға дейін салықтан босатылатын болады.

Құрылымдық тұрғыдан алғанда келісім келесі мәселелерді реттейді:

салық салу мақсатында резиденттікті анықтау;

тұрақты мекеме құру;

салықтық ақпарат алмасу тәртібі;

жеңілдіктерді шектеу туралы баптар және тағы басқа да мәселелер.

Келісім инвестициялық ахуалды жақсартуға, шетелдік капитал мен технология тартуға, кәсіпкерлер үшін түсінікті әрі тұрақты салықтық орта қалыптастыруға бағытталған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Қаржы және бюджет комитеті «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресуются представителю Министерства финансов.

Рассматриваемое соглашение направлено на создание благоприятных условий для развития экономического сотрудничества между Республикой Казахстан и Султанатом Оман в целях стимулирования притока инвестиций в экономику, способствования трансферу технологий и навыков путем устранения двойного налогообложения и предотвращения налоговой дискриминации.

Ввиду отсутствия ратифицированного двухстороннего налогового соглашения между двумя странами трансграничный бизнес между Казахстаном и Оманом вынужден функционировать в режиме повышенной нагрузки. В связи с этим у меня два вопроса.

1. Какой экономический эффект ожидается после ратификации соглашения в части изменения динамики прямых иностранных инвестиций, роста объемов взаимного товарооборота и долгосрочного расширения налогооблагаемой базы?

2. С какими рисками в настоящее время сталкиваются отечественные и иностранные инвесторы двух стран в таких критически важных секторах, как нефтегазовая сфера, транспортная логистика, инвестиционные фонды и другие, в частности, касательно налогообложения? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Біржанов Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Спасибо за вопросы.

Советбек Турсынович, Вы правильно отметили, на сегодня есть ряд рисков. Отмечу основные.

Первое. Отсутствие соглашения ведет к тому, что один доход может облагаться в двух странах одновременно. Если оманский бизнес будет работать без соглашения, мы рассматриваем этот доход, как полученный из Казахстана, а также при исчислении мирового дохода резидент Омана также должен отразить этот доход у себя в стране.

Такая же практика, если наш бизнес будет работать в Омане. Это двойное налогообложение.

Второе. Между двумя уполномоченными органами не будет обмена данными, то есть данное соглашение регулирует постоянный обмен данными. Это во-первых.

Во-вторых, если будут возникать спорные ситуации в части налогообложения, есть процедура согласования между уполномоченными органами, а также помощь в сборе налогов.

Также хотел отметить, что отсутствие соглашения является одним из негативных факторов привлечения в страну инвестиций.

Как отметил докладчик, за последние 10 лет у нас товарооборот составил всего 27 миллионов долларов. Есть перспективы увеличить товарооборот, а также увеличить инвестиции в нашу страну. На сегодня они составляют всего 275 миллионов долларов за 20 лет.

Есть конкретные проекты. Оманский бизнес с нашими министерствами работает. Данный документ позволит дать правовую базу, чтобы процесс налогообложения был прозрачен, один доход облагался только в одном месте, обмен данными производился своевременно.

Учитывая важность данного соглашения, просим вас поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ержан Ерікұлына.

Келісім бейрезиденттер үшін тұрақты мекеменің құрылу ережелерін реттейді, бұл омандық инвесторлар үшін шарттарды біздің Салық кодексінің қатаң ережелерімен салыстырғанда әлдеқайда болжамды және тиімді етеді. Алайда инвесторлардың бұл ережелерді салық базасын азайту мақсатында жиі пайдаланатыны жасырын емес, олар келісімшарттарды жасанды түрде бөлшектейді немесе Қазақстанда корпоративтік табыс салығын төлемей белсенді табысты Оманға шығарып жібереді. Осыған байланысты сұрақ туындайды.

Аталған келісімде MLI конвенциясын ескере отырып, тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік беретін, яғни инвесторларға жеңілдік бере отырып, бейрезиденттердің Қазақстан Республикасында салық төлеуден жалтаруына жол бермеу үшін қорғаныс тетіктері қарастырылған ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Бибігүл Бүркітқызы, сұрағыңыз орынды. Себебі қазіргі таңда кейбір мемлекеттер салықтан жалтару процестерін қолдану үшін де өздерінің территорияларын ашып жатады, оны офшорлық юрисдикциялар деп атаймыз. Өзіңіз атап өткендей, бірақ бұл жерде бізде MLI принциптері жұмыс жасайды. Біз 2017 жылы сіздердің жан-жақты көмектеріңізбен конвенцияға қосылып, ратификациялаған болатынбыз. Соның шеңберінде қазір осы келісімде барлық заманауи шарттар көзделген. Егер салық төлеуші арнайы салықтан жалтару үшін басқа юрисдикцияға тіркелетін болса, онда экономикалық тұрғыдан оны қайта қарап, осы салық нормаларын қолданып, жеңілдікті алып тастауға екі елдің қатарынан қарауына мүмкіншілік бар. Сондықтан бұл тетіктерді қолданбау үшін осы келісімде арнайы нормалар көзделген. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сұлтанбек Алмасбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған келісім қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты салық салудан жалтарудың алдын алу бойынша екі елдің мемлекетаралық тетігін құруға бағытталған. Оның негізгі мақсаты – арадағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту, инвестиция тартуға қолайлы жағдайлар жасау. Құжат екі жақтың резиденттері болып табылатын жеке және заңды тұлғалардың табыстары мен капиталына қатысты салық салу тәртібін нақты реттейтін болады. Жалпы, Оман Сұлтандығы Қазақстанның белсенді сауда әріптестерінің бірі. Келісім еліміздің инвестициялық ахуалын арттырып, арамыздағы сауда мен кәсіпкерліктің одан әрі нығаюына мүмкіндік береді. Мәселен, Оман Сұлтандығы Премьер-Министрінің экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары күні кеше Қазақстанда ресми сапарда болып, өнеркәсіп, энергетика, логистика, медицина және пайдалы қазбаларды өндіру

сияқты ортақ жобаларды қаржыландыруға бағытталған инвестициялық ынтымақтастық шараларын жасаған болатын.

Құжатта «резидент», «компания», «кәсіпорын», «халықаралық тасымал» секілді негізгі ұғымдар нақты айқындалған. Сонымен қатар салықтық жеңілдіктерді заңсыз пайдалану мен салықтан жалтаруға қарсы тетіктер қарастырылған.

Келісім Қазақстанның стратегиялық басымдықтарына сәйкес келеді және екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Үкіметтің ақпаратына сәйкес заңды ратификациялау республикалық бюджеттен қаржы бөлуді талап етпейді және теріс саяси, құқықтық, қаржы-экономикалық өзге әсерлерге алып келмейді.

Әріптестерімді қолдай отырып, аталған заңды қабылдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтандығының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған құжат тараптардың салық заңнамаларын біріздендіру арқылы инвестициялық тартымдылықты одан әрі арттыруды көздейді. Осы мақсатпен келісім шеңберінде салық салуға жататын табыстың түрлері және салықтық ақпаратпен алмасу тетіктері айқындалып отыр. Жалпы, заң екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, экономикалық белсенділікті арттыра түседі деп сенеміз.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Еуразиялық экономикалық одақ пен үшінші тараптың (үшінші тараптардың) кедендік транзитінің бірыңғай жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Еуразиялық экономикалық одақ пен үшінші тараптың (үшінші тараптардың) кедендік транзитінің бірыңғай жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Бұл қадам еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық мүдделерінен туындаған және біздің көлік-логистикалық экожүйемізді ауқымды жаңғыртуға бағытталған. Осы келісімді ратификациялау нарықтың барлық қатысушылары үшін сапалы жаңа, ашық әрі тұрақты ойын ережелерін қалыптастырады және бізге елдің транзиттік әлеуетін барынша тиімді іске

асыруға және оның еуразиялық кеңістіктегі негізгі құрлықтық көпір ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған өзгерістердің мәні – шекараларда елеулі әкімшілік кедергі болып келген кедендік рәсімдерді терең цифрландыру мен стандарттау болып табылады. Бірыңғай транзиттік декларацияны тек электрондық құжат түрінде енгізу, электрондық декларациялауға көшу және кедендік операцияларды жүргізудің үздіксіз, бірыңғай тәртібін белгілеу артық бюрократиялық аппаратты жояды. Осы келісімде кейіннен кеңейту механизмінің қарастырылғанын ерекше атап өткім келеді. Құжатта үшінші тараптар деп Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін мемлекеттер, сондай-ақ ірі халықаралық ұйымдар мен интеграциялық бірлестіктер жатады. Олармен бірыңғай транзит жүйесін құру тек декларативтік сипатта болмайды, келісімнің 3-бабына сәйкес кез келген үшінші тарапты қосудың негізгі шарты – одақ құқығының қатаң стандарттарын қабылдауға дайындығы. Бұл транзиттік декларациялардың нысандарын, жүк операцияларының шарттарын өзара тануға, сондай-ақ біздің кеден органдарының шешімдерін өзара тануға қатысты. Біз тек сыртқы нарықтарға бейімделіп қана қоймаймыз, сонымен қатар үшінші елдердегі бірыңғай тексерілген және қауіпсіз технологиялық стандарттарды ұсынамыз. Ерекше назар аударуға лайықты жайт, бұл озық технологияларды интеграциялау, атап айтқанда, навигациялық пломбаларды міндетті түрде қолдану. Бұл одақтың бүкіл аумағында және үшінші елдерде жүк тасымалын нақты уақыт режимінде үздіксіз бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ жүктің жолда ұрлану немесе ауыстырылып кету қаупін барынша азайта отырып, толық қауіпсіздік пен ашықтықты қамтамасыз етеді.

Кеден органдары шешімдерінің өзара танылуы мен процестердің автоматтандырылуының арқасында ішкі шекаралардағы физикалық тексерулер саны қысқарып, нәтижесінде жүктерді рәсімдеу уақыты бірнеше сағаттан рекордтық отыз минутқа дейін қысқарады. Отандық және халықаралық бизнес үшін бұл келісім тікелей қаржылық және операциялық пайда әкеледі. Бүкіл жүру бағыты бойынша әрекет ететін кедендік алымдар мен салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуын бірыңғай қамтамасыз ету механизмі енгізіледі. Әрбір транзиттік елде төлемдерді қайта енгізу қажеттілігі толығымен жойылады, осылайша кәсіпкерлерге түсетін қаржылық жүктемені азайтады. Маршруттарды оңтайландыру және шекараларды кідірістерден жою бизнес үшін жалпы логистикалық шығындарды 15 пайыздан 30 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Уәкілетті экономикалық операторлар үшін арнайы жеңілдіктер берумен қатар бұл шаралар жүктерді тасымалдау кезінде жылдамдықты айтарлықтай арттырып, уақытты үнемдейді.

Келісімді ратификациялау республикамызда жүргізіліп жатқан ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға тікелей ықпал етеді. Каспийдегі Ақтау және Құрық порттарын жаңғырту, автожол желілерін кеңейту, құрғақ порттар мен теміржолдар құрылысы қуатты синергиялық тиімділікке ие болатынын атап айтқым келеді.

Үшінші тараптармен өзара қимыл жасау біздің транзитімізді жаңа деңгейге шығарады. Азия, Парсы шығанағы және Еуропа нарықтарына тікелей әрі жылдам шығу мүмкіндігін алатынымыз сөзсіз. Жаңа серіктестермен келісімшарттар жасай отырып, біз өзіміздің кедендік ережелерімізді олардың көлік дәліздерімен байланыстырамыз және жүктер үшін кез келген кедергілерді жоямыз. Транскаспий халықаралық көлік бағыты,

Жаңа Жібек жолы және «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізі сияқты негізгі маршруттардың тартымдылығын айтарлықтай арттыра аламыз. Инфрақұрылымдық дамуды тасымалдаушылар үшін тұрақты әрі бәсекеге қабілетті бірыңғай тарифтерді белгілеуді көздейтін икемді тарифтік саясатпен үндестіру Қазақстан арқылы өтетін жүк ағынының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар транзиттік белсендіру процесі ел бойынша жол төсемінің сапасын жақсартуға алып келеді.

Құрметті депутаттар, бірыңғай транзит жүйесін енгізуден туындайтын мультипликативтік әсер тек көлік саласының шеңберінде ғана шектеліп қана қалмайтынын атап айтқым келеді. Жүк тасымалының жандануы негізгі жол магистральдарының бойындағы отандық шағын және орта бизнестің дамуына қуатты серпін береді, жаңа тамақтану пункттерінің, техникалық қызмет көрсету станцияларының, жанармай құю кешендері мен қонақ үйлердің ашылуын ынталандыратыны анық. Еліміз үшін бұл мыңдаған қосымша жұмыс орындарын құруды, әл-ауқат деңгейін арттыруды және өңірлік коммуникацияларды дамытуды білдіреді. Тұтастай мемлекет үшін бұл салық салынатын базаны кеңейту, бюджетті тұрақты түрде толықтыру және экономикаға ірі шетелдік инвестицияларды тарту.

Аталған заң жұмыс тобының, комитет, комитеттің кеңейтілген отырыстарында жан-жақты қаралып, талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заңның тұжырымдамалары бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ. Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті «Еуразиялық экономикалық одақ пен үшінші тараптың (үшінші тараптардың) кедендік транзитінің бірыңғай жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Қарастырылып отырған Еуразиялық экономикалық одақтың және үшінші тараптың (үшінші тараптардың) кедендік транзитінің бірыңғай жүйесі туралы келісім тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы мен үшінші тараптардың кедендік шекаралары арқылы тасымалдауды жүзеге асыруға жағдай жасауға, сондай-ақ тауарлар транзиті кезінде трансшекаралық жеткізілімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін арттыруға бағытталған. Атап айтқанда, аталған келісімнің 4-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ пен үшінші тараптың (үшінші тараптардың) кедендік транзит жүйесі шеңберінде тауарларды кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастыру және оның қолданылуын аяқтау әрбір кедендік аумақта жүзеге асырылады. Осыған байланысты менде мынадай сұрақ туындайды.

Үшінші мемлекеттердің қатысуымен ұлтүстілік кедендік транзит жүйесін құру мүмкіндігін халықаралық құқықтың қандай нормалары реттейді? Сондай-ақ бірыңғай кедендік транзит жүйесі ұлтүстілік реттеудің нысаны болып табыла ма? Мемлекеттің

егемендігі қағидаты Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кедендік рәсімдерді біріздендіру жөніндегі міндеттемелермен қалай үйлеседі? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Біржанов Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Алтынбек Нухұлы, бізде транзит жүйесі заңнамаға байланысты екі немесе одан да астам елдер арқылы өтетін транзит жүктерін реттейтін келісім болып саналады. Сондықтан біз міндетті түрде қазір осы одақ шеңберінде немесе үшінші елдермен осы транзитті жеңілдету шеңберінде келіссөздер жүргізіп, халықаралық актілерді қабылдаймыз. Бұл транзит жүйесі бойынша Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жүргізіліп отырған жұмыс бізде жалпы кодексте транзит жүйесі бойынша көрсетілген. Екіншіден, осы жүйені құру жайлы бізде осы экономикалық одақтың стратегиясын дамыту жоспарында көрсетілген. Бұндай жүйелер тек қана біздің Еуразиялық экономикалық одақта ғана емес, сонымен қатар Еуропа одағында да осындай сандық жүйе енгізілген. Біз соны модель ретінде қарап, өзімізге енгізіп жатырмыз. Бұл жерде біздің еліміздің мүддесі жоғалады немесе рөлі азаяды деп айтуға болмайды, себебі бізде Кеден кодексі шеңберінде осы одақ шеңберіндегі функциялар және де мемлекеттің өз шеңберіндегі сұрақтар бөлек қарастырылған. Мысалы, тәуекелдерді байқау жүйесі, бұл бізде ұлттық заңнамада көрсетілген. Енді транзит жайлы айта кететін болсақ, осы жұмыстар шеңберінде бізде автоматтандыруға қатысты 26 процесс көзделген, соның он үшінші процесі – транзит жүйесі. Осыны жандандырып, жұмыс жүргізудің арқасында қазіргі таңда, мысалы, былтырғы жылдың қорытындысы бойынша бізде транзит бойынша көлік құралдарының саны 20 пайыздан асты, ал жүктер бойынша 14 пайыздан асты. Енді бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша бізде транзиттік тауарлардың салмағы 19 пайыздан асса, ал көлік құралдарының саны былтырғы бірінші тоқсанға қарағанда 26 пайызға өсіп келе жатыр. Біз жеріміздің географиялық орналасуын пайдалана отырып осы транзиттік мүмкіншіліктерді арттыруымыз керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Глава государства на совместном заседании Палат Парламента 8 сентября 2021 года, затем на расширенном заседании Правительства неоднократно ставил задачу улучшения транспортного транзитного потенциала республики.

В свою очередь, Сенат Парламента в апреле провел парламентские слушания, где наряду с другими задачами было рекомендовано улучшить цифровое взаимодействие между таможенными органами стран-участников по обмену транзитными декларациями, сведениями о перевозках и результатами таможенного контроля.

Учитывая, что киберпреступность носит транснациональный характер, возникает вопрос: каким образом в рамках реализации данного соглашения будет обеспечиваться информационная безопасность, защита персональных и коммерческих данных, а также

предотвращение несанкционированного доступа и утечки информации при использовании цифровых технологий? Как в этом плане сейчас работает министерство, скорее всего, взаимодействует с Министерством искусственного интеллекта и цифрового развития и другими государственными органами? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БРЖАНОВ Е.Е. Уважаемый Шакарым Сабырович, да, действительно, вопросы защиты персональных данных, защиты от кибератак являются приоритетным направлением.

Хотел бы сказать, что на сегодня это не новая интеграция, просто мы бумажный процесс переводим в цифровой формат. Если бы не было электронного взаимодействия, на каждой территории все документы подвергались контролю, встречным проверкам. Для того чтобы облегчить, условно, процесс транзита, все переводим в цифровой формат. Но цифровой формат должен быть обеспечен всеми нормами безопасности. В этой связи все взаимодействие проходит через единый шлюз «электронного правительства», защищенные специальные каналы. Перед тем как его запустить, проводятся пилотные проекты, тестирование.

По режиму транзита долгое время мы с нашими коллегами тестовые версии обмена данными запускали. Сейчас работа налажена, это тринадцатый процесс. Все испытания на соблюдение информационной безопасности нами проводятся. Это по электронному шлюзу.

Кроме того, по нашим системам также мы проводим испытания своих информационных систем. Там пять актов мы должны получить. Также это информационная безопасность, безопасность самой инфраструктуры, распределение ролей. То есть все требования по информационной безопасности нами соблюдаются. Это периодически инспектируется не только нашими органами, но и уполномоченными органами. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бекбол Тілеумұратұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Өтешов Серік Балғатайұлына беріледі.

ӨТЕШОВ С.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған Еуразиялық экономикалық одақтың үшінші тараптармен бірыңғай кедендік транзит жүйесі туралы келісім халықаралық сауданың кедергісіз және қауіпсіз архитектурасын құру жолындағы маңызды қадам. Бұл құжат бірыңғай электрондық транзиттік декларация мен бақылау нәтижелерін өзара тану негізінде біздің кедендік рәсімдерімізді сыртқы стратегиялық серіктестермен синхрондауға мүмкіндік беретін іргелі құқықтық негіздерді қалайды.

Осы келісімнің негізіне айналған басты цифрлық құралдардың бірі – жүктерді үздіксіз қадағалау үшін навигациялық пломбаларды қолдану. Біздің еліміз үшін бұл қазірдің өзінде жұмыс істеп тұрған және жүйелі түрде дамып келе жатқан тетік. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес ағымдағы жылдың 11 ақпанынан

бастап алкоголь, темекі, санкциялық тауарлар, сондай-ақ киім, аяқ киім және электроника тасымалы үшін пломбаларды міндетті түрде қолданудың бірінші кезеңі іске қосылды. Тәжірибе көрсеткендей, Қазақстан бұл технологияны енгізуде жоғары серпін танытып отыр: 2026 жылғы 25 мамырдағы жағдай бойынша біздің ұлттық операторымыз 10 мың 886 навигациялық пломба орнатты.

Алдымызда жүйені жоспарлы түрде ауқымдандыру міндеті тұр. Осы жылдың тамыз айында, яғни жоба басталғаннан кейін 180 күн өткен соң екінші кезең басталады. Ол міндетті пломбалауды автокөлікпен тасымалданатын басқа да барлық транзиттік тауарларға таратады және киім, аяқ киім мен электрониканың теміржол тасымалын қосады. Қаржы министрлігінің мәліметінше 2027 жылдың маусымында, яғни 480 күн өткеннен кейін навигациялық пломбалар теміржол арқылы тасымалданатын қалған барлық транзиттік жүктерді де қамтитын болады. Қаралып отырған келісім одақтың бұл сыналған ішкі тетігін сыртқы контурларға дер кезінде бағыттайды және бұл Қазақстанның транзиттік әлеуетін нығайта түспек.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып осы келісімді ратификациялауды қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Еуразиялық экономикалық одақ пен үшінші тараптың (үшінші тараптардың) кедендік транзитінің бірыңғай жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ арқылы транзиттік тауар тасымалдау кезінде кедендік операцияларға қатысты құқықтық қатынастарды реттейді. Осыған байланысты бірыңғай транзиттік жүйе енгізіліп, оның қалыптасуы мен жұмыс істеуінің құқықтық негіздері айқындалып отыр. Алдағы уақытта келісім Еуразиялық экономикалық одақтың транзиттік әлеуетін арттыруға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл екі заң бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса екі заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На ваше рассмотрение представлены законы Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции» и «О внесении изменений и дополнений в Уголовный кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан и Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия коррупции».

Целью рассматриваемых законов является реализация Концепции антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022 – 2026 годы, совершенствование механизмов предупреждения коррупции, усиление превентивных мер, а также имплементация международных антикоррупционных стандартов.

Законами предусматривается внесение изменений и дополнений в ряд законодательных актов, регулирующих вопросы противодействия коррупции, правоохранительной службы, деятельности специальных государственных органов, кадровой политики и защиты персональных данных.

Поправками внедряются механизмы предупреждения и урегулирования конфликта интересов, расширяется перечень связанных лиц, устанавливается обязанность декларирования личных интересов, а также ответственность за непринятие мер по предотвращению конфликта интересов.

Предусматриваются меры по внедрению цифровой кадровой системы, совершенствованию кадровых процессов в государственных органах и субъектах квазигосударственного сектора, усилению независимости антикоррупционных комплаенс-служб, а также совершенствованию механизмов противодействия бытовой коррупции.

Кроме того, расширяется круг лиц, приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, усиливаются ограничения, связанные с совместной службой близких родственников и иных связанных лиц, а также модернизируются механизмы внутреннего антикоррупционного контроля.

В уголовное законодательство вводятся нормы, предусматривающие ответственность за предложение, обещание и требование взятки, а также за провокацию получения незаконного вознаграждения. Совершенствуются вопросы подследственности и расследования коррупционных правонарушений.

Также усиливается административная ответственность за отдельные коррупционные правонарушения, в том числе за непринятие мер по урегулированию конфликта интересов, несообщение о коррупционных преступлениях и предоставление незаконного материального вознаграждения.

Ожидаемыми результатами принятия законов являются повышение эффективности предупреждения, выявления и пресечения коррупционных правонарушений,

совершенствование механизмов противодействия коррупции, а также повышение прозрачности деятельности государственных органов и субъектов квазигосударственного сектора.

Оба закона прошли всестороннее обсуждение на заседаниях рабочей группы. Замечаний и предложений от постоянных комитетов Сената по концепции законов не поступало.

Құрметті әріптестер! С учетом изложенного Комитет по международным отношениям, обороне и безопасности, руководствуясь подпунктом 7) статьи 29 Закона Республики Казахстан «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан» и пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан, рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции» в первом чтении и Закон «О внесении изменений и дополнений в Уголовный кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан и Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия коррупции» в первом чтении.

Прошу поддержать.

Доклад окончен. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Большерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Агентства по делам государственной службы.

Казахстан в 2008 году ратифицировал Конвенцию Организации Объединенных Наций против коррупции, которая относит к оконченому составу преступления не только сам факт передачи благ, но и этапы договоренности – обещание, предложение или предоставление преимуществ.

В рамках рассматриваемого закона Уголовный кодекс дополняется статьей 247-1, предусматривающей ответственность за предоставление незаконного вознаграждения, а также вводится ответственность за предложение и обещание взятки.

В связи с реализацией этих норм в судебной и следственной практике прошу уточнить.

Обещание или предложение взятки будет классифицироваться как оконченоное коррупционное правонарушение либо как стадия приготовления?

Каков минимальный доказательственный порог умысла лица на стадии обещания взятки, если физическая передача взятки еще не состоялась?

Будет ли привлекаться к ответственности лицо за устное обещание дать взятку?  
Рақмет.

ТӨРАҒА. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары Мүксімов Салауат Сыйлыбайұлы, жауап беріңіз.

МҮКСІМОВ С.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Уважаемый Евгений Андреевич, да, действительно, сегодня криминализируется обещание и предложение взятки. Тем самым обнаружение умысла является преступлением. Это, по сути, беспрецедентный шаг по формированию антикоррупционной культуры, нетерпимости к коррупции, когда даже разговоры о коррупции и взятке становятся преступлением. Здесь важной составляющей для правовой оценки является наличие самой суммы, чтобы человек устно или письменно сообщил, поскольку это имеет правовое значение. Как известно, уголовно наказуемыми являются те, которые превышают размер 2 МРП, а также для дальнейшей квалификации, поскольку это имеет значение для определения состава, то есть это значительный размер, крупный или особо крупный размер, у каждого из этих составов санкции разные.

Следует сказать, что доказательной базой является предложение или обещание взятки.

Вы правильно сказали, что в 2008 году мы ратифицировали Конвенцию Организации Объединенных Наций против коррупции, приняв обязательство по криминализации данного деяния. Я должен сказать, с точки зрения международных экспертов, подобный шаг имеет уголовно-правовое значение. К примеру, действующие инструменты по борьбе со взятничеством не решают проблемы, например, прощение долга, когда сам факт передачи взятки не состоится, но должностному лицу прощают долг, к примеру, гражданско-правовой. И действующие механизмы, которые содержатся в Уголовном кодексе, не способны противостоять этому. Поэтому предложение и обещание взятки действительно является преступным. Это, как я сказал, важнейший шаг в антикоррупционной политике по формированию нетерпимости к коррупции и формированию общества, свободного от коррупции. Спасибо.

ТӨРАҒА. В каких странах сегодня за обещание взятки привлекаются к ответственности? Это же не процесс передачи, а устное обещание. И оно должно быть, Вы говорили, что обещание является доказательной базой, если юридически говорить, где-то зафиксировано. Это же слова. Если это не зафиксировано, как слова могут быть доказательной базой? Мы примем, я думаю, депутаты поддержат ваше предложение, но как дальше будет осуществляться правоприменение на практике? Вот в чем вопрос. Как дальше это будет работать, как в судах это будет рассматриваться? Вот в чем суть.

В каких развитых странах используется этот механизм?

Пожалуйста.

МҮКСІМОВ С.С. Преимущественно страны – участники ГРЕКО, ОЭСР, ряд стран постсоветского пространства (Армения, Азербайджан, Кыргызстан) имеют уголовное законодательство, подобные механизмы.

В части доказательной практики хотел бы сказать, как уголовный процесс, гражданский процесс, любое процессуальное право, как известно, средствами доказывания

выступают показания участников процесса, письменные, вещественные доказательства, заключения экспертов и специалистов.

В целом требования к процессу доказывания – это и относимость, и достоверность, и допустимость, и достаточность этих доказательств, чтобы делать выводы, что обещание или предложение случилось. При этом они могут фиксироваться. Преступный умысел может быть обнаружен в результате устного заявления должностному лицу или письменной отправке сообщения, в том числе путем социальных сетей, интернет-сообщений и так далее.

В целом судебная практика, мы полагаем, будет опираться на базовые начала доказывания в судебном процессе.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Өтеғұлов Арман Кәрімұлына беріледі.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкіліне.

Қолданыстағы заң бойынша мемлекеттік қызметші өзінің активтері, кірістері, мүліктері жөнінде декларация тапсыруға міндетті. Бұл қаржылық ашықтық пен мүдделер қақтығысын анықтау үшін жеткілікті деп есептеймін. Алайда жаңа заң арқылы жеке мүдделер туралы тағы бір декларация тапсыру үшін өзгерістер енгізіліп жатыр. Бастапқы жобада оның мазмұны нақты жазылған болатын, бірақ соңғы нұсқада бұл тізбе алынып тасталып, нысанын бекіту Үкіметке берілген. Осыған байланысты сұрақтар туындайды.

Декларация жобасы әзірленді ме және оның мазмұнында қандай мәліметтер бар? Бұл жаңа декларация мемлекеттік қызметшілерге артық жүктеме болып есептелмей ме? Қолданыстағы есептілікті қайталамай ма?

Осы сұрақтарға жауап берсеңіз.

ТӨРАҒА. Салауат Сыйлыбайұлы, жауап беріңіз.

МҮКСІМОВ С.С. Сұрағыңызға рақмет.

Осы жерде айта кету керек, ақпараттың қосарланып немесе қайталанып берілуіне жол берілмейді. Себебі екі декларацияның ең басты айырмашылығы беретін ақпараттың жалпы мазмұнында және оны ұсыну мерзімдерінде. Мысалы, әр қызметші өзіне тиесілі міндеттемелер мен қарыздары жөнінде, өзінің мүліктік жағдайы жөнінде мемлекеттік қызметке кірерде бір рет декларация тапсырады. Кейіннен жыл сайын ол өзінің есептік кезеңдегі табысына қатысты және мүліктік жағдайына қатысты декларация тапсырып отырады. Ал қазіргі заңда ұсынылып отырған мүдде қақтығысы туралы декларация қаржылық жағдай емес, оның туыстық қатынастары туралы және басқа да ақы төлеу қызметі қай жерде бар, сол туралы мәліметті беруді талап етеді. Ол дәл солай жұмысқа кірер алдында тапсырылады және кейіннен жұмыс орны басқа мекемеге, не басқа мемлекеттік органға ауысуына байланысты да тапсырылып тұрады. Енді осы жерде айта кету керек, мен айтып өткендей, расында бұл жеке мүдделер туралы декларация өзі туралы және өзінің туыстары туралы ақпаратты қамтиды, жеке мүддеге қатысты, сонымен байланысты

тұлғалар туралы ақпаратты да қамтиды, одан бөлек басқа мекемеде ақы төлеу қызметін атқаратын болса, онда оны да қамтиды. Ол Үкімет қаулысымен бекітілетін болып отыр және ол туралы жұмыс қазіргі уақытта жасақталуда. Заң қабылданғаннан кейін тиісті екі ай аралығында осы заңға тәуелді акт қабылданады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкіліне.

Заңда мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде бірыңғай ақпараттық кадрлық жүйені енгізу көзделген. Сонымен қатар қызметкерлерге жақын туыстарының жеке сәйкестендіру нөмірлерін ұсыну міндеті жүктеліп отыр. Алайда адамдардың туған аға-інілерімен немесе апа-сіңлілерімен байланыс жасамайтын жағдайлары да тәжірибеде көп кездеседі, сондай-ақ кейбір жақын туыстары шетелде тұруы мүмкін. Сұрақ осыған байланысты.

Жақын туыстарының жеке сәйкестендіру нөмірі туралы толық мәлімет ұсынбаған кандидаттарды жұмысқа қабылдаудан бас тартуға бұл талап негіз бола ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Салауат Сыйлыбайұлы, жауап беріңіз.

МҮКСІМОВ С.С. Сұрағыңыз өте орынды. Ұсынылып отырған заңда, оның негізгі ережелерінде расымен алғашқыда ол міндет сол жұмысқа келетін кандидатқа жүктеледі. Ол міндетті түрде өзінің жеке мүдде қақтығысы туралы декларацияны тапсыру керек, онда өзінің туыстары туралы мәліметті беру керек. Егерде дәлелді себептермен ондай мүмкін болмаса, онда ұсынылып отырған нормаларда ол жұмыс берушіге жүктеледі. Жұмыс беруші тиісті АХАТ ақпараттық жүйесі немесе «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесі арқылы сұрау салып, оның жақын туыстары туралы мәліметті алуға міндетті. Өздеріңіз білесіздер, қазіргі уақытта АХАТ жүйесі арқылы неке жағдайы немесе әр азаматтың туу туралы мәліметтері қалыптасады, тиісті алгоритм арқылы ақпараттық жүйелер қажетті туыстық қатынасы бар екендігі жөніндегі мәліметтерді береді. Сол себепті қазіргі уақытта жұмысқа қабылдауға ол кедергі болмайды деп толықтай айта аламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкіліне.

Қаралып отырған заңда мемлекеттік ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің персоналды басқарудың ақпараттық жүйесін жүргізу міндеттерін бекіту

мақсатында Еңбек кодексі 12-1-тарауымен толықтырылуда. Аталған тараудың 146-4-бабының 3-тармағына сәйкес цифрлық кадрлық жүйенің толтырылуына мониторингті мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады. Ал 146-4-баптың 4-тармағына сәйкес мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің цифрлық кадрлық жүйеде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтауына мониторингті еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады. Осыған байланысты сұрақ туындайды.

Аталған цифрлық кадрлық жүйені енгізу және сүйемелдеу үшін бюджеттен қосымша қаражат бөлу қажет пе?

Кадрлық мониторингті автоматтандыру және оның тиімділігін арттыру мақсатында жасанды интеллект құралдарын қолдану мүмкіндіктері зерделенді ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Салауат Сыйлыбайұлы, жауап беріңіз.

МҮКСІМОВ С.С. Осыдан екі жыл бұрын Президент Жарлығының негізінде агенттік бірыңғай кадрлық жүйені масштабтау, оның көлемін кеңейту аясында барлық мемлекеттік органдарға бағынысты ұйымдардың қызметкерлері туралы ақпаратты осы ақпараттық жүйеге енгізіп отыр. Қазіргі уақытта сол ақпараттық жүйені «eQyzmet» жүйесімен біріктіру жұмыстары жүргізілуде. Ол аяқталған соң осы жылдың аяғына дейін барлық ақпараттық жүйені сүйемелдеу, оны қолдау, ол туралы ақпарат алып мониторинг жасау, оның барлығы ақысыз болады. Сол себепті мүдде қақтығысын реттеу, оны болдырмау және алдын алу туралы, туыстық қатынастығы бар, не басқа да мүдде қақтығысы туралы ақпаратты қажет етсе осы жұмыс оның тиімділігін одан әрі арттырады деп есептейміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің өкіліне.

Заң бірлесіп қызмет етуге тыйым салынатын тұлғалар тобын айтарлықтай кеңейткенін біліп отырмыз. Енді бұл тізімге жақын туыстардан бөлек «басқа да байланыстағы тұлғалар» деген түсінік енгізіліп отыр. Былайша айтқанда, бұлар жиендер, немере інілер, келіндер. Осыған байланысты менде екі сұрақ бар.

Агенттік кандидаттарды басшылық лауазымдарға тағайындау кезінде олардың бойында осындай алыс туыстықтың және бұрынғы некелік байланыстардың бар-жоғын қалай бақылауды және тексеруді жоспарлап отыр?

Екінші мәселе. Азаматтық хал актілерін тіркеу дерекқорларынан тікелей туыстары бар-жоғын алу мүмкіндігі қазір автоматтандырылған, ол бәрімізге белгілі, оны ала алады. Бірақ жақын туыстар және басқа да байланыстағы тұлғалар деген мәселеге қатысты олармен бірлесіп шаруашылық жасады ма, жасаған жоқ па деген мәселеде бұл процесс әлі автоматтандырылмаған. Бұл процесті білу – мүдделер қақтығысын бірден білу деген мәселе

екінші кезекке шығып қалуы мүмкін, сондықтан агенттік осы кандидаттардан байланыстарының бар-жоғын өздігінен құжатпен растауды талап ете ме?

Бұл мәліметтердің шынайылығын тексеру механизмі қандай болады екен, соны білгіміз келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Салауат Сыйлыбайұлы, жауап беріңіз.

МҮКСІМОВ С.С. Сұрағыңызға рақмет.

Менің осы сұраққа жауап берер алдында айтайын дегенім, Қазақстан 2020 жылдан бастап ГРЕКО ұйымының мүшесі және Экономикалық ынтымақтастық ұйымымен жемқорлыққа қарсы халықаралық стандартты енгізуде 2004 жылдан бастап солардың Стамбул жоспары аясында көптеген ұсыныстарын орындап, біздің заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп келеді. Соның бірден-бір ұсынысы – жемқорлыққа қарсы мүдде қақтығысын одан әрі жетілдіру. Соның ішінде жеке мүдделер қақтығысын декларациялау ұсыныстары бар. Сол себепті жалпы осы туыстық қатынасты, одан бөлек жеке мүддеге байланысты басқа да тұлғаларды анықтау осы декларация тетіктері – сол құқықтық институт арқылы бізге бірден-бір жол ашады.

Келесі мәселені қозғадыңыз. Расында АХАТ ақпараттық жүйесі арқылы және «Жеке тұлғалар» ақпараттық жүйесі арқылы қажетті алгоритмнің негізінде мүмкіндік ашылып отыр. Ал қандай тексеру тетіктері болады десек, қазіргі қолданыстағы заңнамаға сәйкес сыртқы жемқорлық тәуекелдерін анықтауға қатысты талдау жүргізу мен мониторинг арқылы қажетті осыған байланысты функциялар агенттікте бар. Ол жұмыс қазіргі уақытта жүргізілуде. Сол себепті осы қолданыстағы құқықтық инструменттер арқылы біз осы мақсатқа жетеміз деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Салауат Сыйлыбайұлы, рақмет. Өте маңызды заңдар екені сөзсіз. Әріптесіміз Бекбол Тілеумұратұлы өте маңызды мәселені көтеріп отыр, сіздер бұл заңда да бірнеше маңызды новеллаларды кіргізіп отырсыздар. Заң қабылданып жатса әрі қарай ол новеллаларды жүзеге асыру керек қой.

В этой связи одной из новелл этих законов является норма о расширении перечня лиц, которые не должны находиться непосредственно в подчинении того или иного должностного лица. Правильно мы понимаем? Раньше это были близкие родственники (отец, мать, родные братья и так далее), теперь вы вводите, помимо этого, категорию «связанные лица». Это тоже близкие родственники, но не такой близости, как раньше было, в том числе племянники, дяди, тети и так далее. В дальнейшем по этой норме будут вопросы.

В этой связи, чтобы четко Вы проговорили. Речь же идет только о непосредственном подчинении, если, например, заместитель какого-то, условно говоря, министерства, подчиненный этому заместителю директора департамента или заместитель директора департамента, или работник департамента не может состоять в родственных связях, в том числе по критерию «связанные лица». Но в то же время этот человек-родственник может работать в другом департаменте, непосредственно не подчиненном должностному лицу. Правильно мы трактуем норму закона?

Дальше же правоприменение пойдет. В этой связи речь идет о том, что вы расширили этот перечень. Наверное, правильно, что расширили, потому что там тоже речь не идет о каких-то совсем дальних родственниках, а речь идет о двоюродных братьях, родных племянниках и так далее. Ауылдас туралы әңгіме емес қой, ол тікелей туысқандар туралы мәселе. В этой связи четко скажите в микрофон. Речь идет только о непосредственном подчинении, правильно? Или есть какие-то другие нормы, на которые в дальнейшем нужно будет обращать внимание?

Пожалуйста.

МҮКСІМОВ С.С. Спасибо, Маулен Сагатханулы.

Да, действительно, здесь расширение субъектного состава. Для отечественной правовой системы это не является новеллой. Данные лица, так называемые аффилированные лица, есть в Законе «О возврате государству незаконно приобретенных активов», в Налоговом кодексе подобное содержится, когда к аффилированным лицам также относятся связанные с конфликтом интересов лица.

Надо сказать, что проведенный анализ показывает, что проблема правоприменения не только в усеченности субъектного состава, но и в ограниченности наших возможностей по устранению конфликта интересов, когда мы руководствуемся только категорией непосредственной подчиненности.

Хочу сразу пояснить, что законом предусматриваются ограничения в четырех формах.

Первое. Как и прежде, указанные лица не могут находиться в совместной службе в непосредственной подчиненности, то есть классическое, традиционное ограничение сохраняется.

Помимо этого, закон предусматривает случай, когда руководитель не может иметь в подчинении, вернее, назначать своих близких родственников руководителями структурных подразделений государственного органа, если даже он не находится в непосредственном подчинении. Подобная практика имела проблему, когда курируемая сфера находится у заместителя, соответственно, первый руководитель говорил, что директор департамента этого министерства не находится в его прямом подчинении, но он мог свободно расставлять директорами своих близких родственников и так далее. То есть здесь возникала проблема усеченности самого понятия...

ТӨРАҒА. Речь о назначаемости, если это должностное лицо имеет право назначать. В этом случае?

МҮКСІМОВ С.С. Да. И не могут они совместно находиться в такой службе.

ТӨРАҒА. Хорошо. Это второй кейс. Дальше.

МҮКСІМОВ С.С. Следующее. Теперь появилось понятие «курируемая сфера». Заместители государственных органов в курируемых отраслях, тоже независимо от того,

есть непосредственная подчиненность или нет, понятие «курируемая сфера» не позволит иметь родственника, допустим, в соответствующем департаменте.

Сегодня у нас какая практика? Допустим, заместитель государственного органа, в непосредственной подчиненности к нему находится руководитель структурного подразделения, которое возглавляет его близкий родственник, но в департаменте имеется, к примеру, управление, руководитель которого по отношению к этому заместителю государственного органа не является в непосредственной подчиненности. Поэтому такая проблема в правоприменении возникала. В этой части закон содержит ограничение – в курируемой сфере никаких близких родственников.

И четвертая форма ограничения касается тех, кто осуществляет ведомственный контроль. В государственном органе, как вы знаете, есть служба внутренней безопасности и служба внутреннего аудита, которые обеспечивают контроль по всей вертикали, по нисходящей и восходящей линии. В этой сфере, если есть родственники, к примеру, центральный государственный орган, областной, районный, по вертикали. Служба безопасности, к примеру, руководитель не имеет права иметь, они не могут находиться в совместной службе, если именно такую же функцию его близкий родственник выполняет на областном или районном уровне, то есть уже по линии ведомственного контроля. В иных случаях такое возможно.

При этом хочу сделать важную оговорку, что эти нормы вступают в силу с 1 января 2027 года. Закон не имеет обратной силы, то есть те, кто в таком конфликте сегодня находится, продолжают работу. Эти требования и ограничения только для будущих правоотношений, то есть с 1 января 2027 года.

Мы вступаем в новую фазу, посредством которой внедряем более эффективные механизмы устранения конфликта интересов. Тем самым мы уберігаем самих служащих от фактов совершения коррупционных преступлений, оберегаем их будущие судьбы, чтобы они в этих условиях не шли на злоупотребления доверенными полномочиями. Спасибо.

ТӨРАҒА. В целом, коллеги, я думаю, очень серьезные новшества, серьезные новеллы, нужно отметить, что эти новеллы появились, проработаны, были включены в законы в рамках рекомендаций ГРЕКО, ОЭСР и других структур, которые на глобальном уровне в целом продвигают международные стандарты по борьбе с коррупцией. Правильно мы понимаем вас?

В этой связи те направления, о которых Вы сказали, плюс-минус, мы в целом можем сказать, что это непосредственное подчинение, кураторство и так далее, в то же время для государственных служащих, которые имеют родственные связи, такие случаи тоже есть у нас, работать в каких-то параллельных департаментах, непосредственно не в подчиненных направлениях, отделах, закон не ограничивает такой возможности. То есть это не значит, что в дальнейшем людей будут увольнять и так далее. Речь идет о том, чтобы именно такого рода не возникали потенциально какие-то моменты, когда это может привести к определенным правонарушениям, скажем так.

В этой связи здесь, наверное, нужно подчеркнуть, что права государственных служащих не нарушаются. Государственные служащие имеют право работать, продвигаться по карьерной лестнице, достигать своих каких-то поставленных целей. Речь

идет только о тех случаях, которые сейчас были четко изложены Салауатом Сыйлыбайулы, именно в тех сферах, где есть непосредственная связь между подчиненным и начальником, что может привести в дальнейшем к определенным, скажем так, необъективным решениям.

В этой связи, мне кажется, во многом это тоже очень важный шаг, который поможет нам дальше активизировать деятельность по устранению каких-то ситуаций, которые в дальнейшем могут приводить к коррупционным правонарушениям. Это такая превентивная работа, на опережение. Агентство взяло на себя такую важную миссию, именно такие достаточно серьезные новые нормы прокачать и включить в наше законодательство наши соответствующие законы.

Я думаю, в целом очень важный закон с точки зрения превентивной борьбы с коррупцией, с проявлениями коррупции в нашей стране.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Андрей Иванович. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңдарды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгін қаралып отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне қатысты екі заң бойынша олардың негізгі міндеттері мен мақсаттары туралы әріптесім Андрей Иванович жан-жақты баяндап берді.

Аталған заңнамалық түзетулер 35-тен астам заңнамалық актіні қамтиды. Олардың басты мақсаты мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығын арттыру, әділдік қағидаттарын нығайту және сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді тетіктерін қалыптастыру.

Заңдардың маңызды жаңалықтарының бірі – мүдделер қақтығысының алдын алу тетіктерін күшейту. Енді мүдделер қақтығысы әлеуетті, нақты және орын алған деп нақты ажыратылады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерге қызметтік өкілеттіктерін жеке мүдде үшін пайдалануға нақты тыйым салынады.

Тағы бір маңызды өзгеріс – жеке мүдделер туралы декларацияны енгізу. Бұл норма мемлекеттік қызметтегі ашықтықты арттыруға, сондай-ақ жемқорлық тәуекелдерін ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек туыстық байланыстар арқылы қызметтік ықпал етуге жол бермеу мақсатында қосымша шектеулер енгізілуде, яғни бүгін талқылау барысында нақты талқыланған жақын туыстар мен өзге де байланысты тұлғалардың бір құрылымда тікелей ықпал ететін қызметтер атқаруына шектеу қойылады.

Заңдарда қылмыстық жауапкершілік мәселелері де күшейтілген. Атап айтқанда, пара ұсыну, пара беруге уәде ету және пара талап ету әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі. Бұл дегеніміз пара нақты берілмесе де оны ұсындың өзі қылмыс ретінде қарастырылатын болады. Бұндай тәсіл халықаралық антикоррупциялық стандарттарға толық сәйкес келеді. Сонымен қатар тұрмыстық жемқорлықпен күрес шаралары күшейтіледі. Мұғалімдер, дәрігерлер және өзге де қызмет көрсету саласының өкілдері тарапынан заңсыз сыйақы алуға қатысты жауапкершілік қатаңдатылады. Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша да жауапкершілік күшейтілуде, айыппұл көлемі ұлғайтылып, жауапқа тарту мерзімдері ұзартылады. Тағы бір маңызды бағыт – мемлекеттік

органдар мен квазимемлекеттік секторда цифрлық кадрлық жүйені енгізу. Бұл жүйе кадрлық процестердің ашықтығын қамтамасыз етіп, мүдделер қақтығысын автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл түзетулердің негізгі мақсаты – жемқорлықтың салдарымен ғана күресу емес, оның алдын алудың тиімді жүйесін қалыптастыру. Заңдардың қабылдануы мемлекеттік аппараттың ашықтығын арттырып, қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайтуға ықпал етеді.

Құрметті әріптестер, жоғарыдағыларды баяндай келе аталған заңдарды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңдарды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Прошу включить в повестку дня сегодняшнего заседания рассмотрение во втором чтении законов Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции» и «О внесении изменений и дополнений в Уголовный кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан и Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия коррупции». Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заңдар бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, білім беру, денсаулық сақтау және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне педагог мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заңдар бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Қарастырылып отырған заңдар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылғы 15 тамыздағы конференцияда берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленді және педагогтарды құқықтық қорғауды күшейтуге, оларды кәсіби қызметпен байланысты емес міндеттерге тартуға жол бермеуге, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау және бала құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Заңның негізгі ережелеріне тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Ең алдымен білім беру сапасын арттыруға, зияткерлік меншікті құрметтеуді қамтамасыз етуге және білім беру процесіне қатысушылардың жауапкершілігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін «академиялық адалдық» ұғымы енгізіледі. Бұдан басқа білім беру саласындағы уәкілетті орган орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын пайдалану қағидаларын бекітеді. Сондай-ақ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 70-бабында баланы тәрбиелеу және дамыту жөніндегі міндеттерді орындау шеңберінде оның өмірі, денсаулығы және қауіпсіздігі үшін ата-аналардың жауапкершілігі нақтыланады.

Жеке блокта педагогқа құжаттарды қағаз және электрондық нысанда бір мезгілде жүргізу міндетін жүктеуге жол бермеу туралы түзету көзделеді. Сонымен қатар заңда білім беру ұйымының педагогы және (немесе) басшысы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты болған оқиғалар үшін тек қана кәсіптік қызметті жүзеге асыру кезеңінде, оның ішінде білім беру процесіне байланысты лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жауапты болатыны нақтыланады. Педагог мәртебесін қосымша қорғау мақсатында мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтарын кәсіптік қызметті жүзеге асыру кезеңінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға шектеулерді кеңейту көзделеді.

Келесі маңызды бағыт талантты тұлғаларды қолдау болып табылады. Атап айтқанда, халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының, оның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы WorldSkills жеңімпаздарына ұлттық бірыңғай тестілеуді

тапсырмай жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына түсу құқығын беру ұсынылады. Сонымен қатар Үкімет шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының филиалдарын ашуды ынталандыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында олардың қызметін құқықтық реттеу бойынша тәсілдер әзірледі.

Заңның жекелеген нормалары денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге бағытталған. Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігінің құзыретін кеңейту ұсынылады, ол мыналарды көздейді:

медициналық жоғары оқу орындарының өткізу қабілетін ескере отырып қабылдауға шектеулер енгізу;

мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде білім алған мамандарды кәсіптік қызметке жіберу тәртібін айқындау;

кадрлар даярлаудың мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеу;

тәлімгер мәртебесін нақтылау;

анатомиялық сый қолдану;

сондай-ақ кадрлардың цифрлық тізілімінің рөлін айқындау.

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне педагог мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде педагогтардан заңнамада көзделмеген есептілікті талап еткені, қағаз және электрондық нысанда құжат айналымын қайталағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті нақтылау, сондай-ақ педагогтарды мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларына тартуға шектеулерді кеңейту көзделеді.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін үш кодекс пен сегіз заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылады.

Заң комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты қаралды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, білім беру, денсаулық сақтау және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне педагог мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 58-тармағына сәйкес бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлөндіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Оқу-ағарту министрлігінің өкіліне.

Қаралып отырған заңда педагогикалық сүйемелдеуге жататын кәмелетке толмаған балалардың санатын кеңейту қарастырылған болатын. Атап айтқанда, өмірдің қиын жағдайына тап болған, тығырықтан шыға алмай, өз-өзіне қол жұмсау, әртүрлі әрекетке бару, тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету фактілері анықталған отбасындағы балаларды тарту қарастырылған. Бұл қоғам үшін өте маңызды мәселе. Өйткені соңғы уақытта теріс мінез-құлық (деструктивті) көріністері тек балалар арасында ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың тарапынан да көрсетіліп жатыр.

Бұқаралық ақпарат құралдарында, цифрлық контенттерде, ұялы телефондарда, желілерде осы жағдайлар туралы, зорлық-зомбылық туралы, балаларды қорқыту, кемсіту, сонымен қатар ұстаздар мен ата-аналар арасындағы жанжалдар туралы көптеп жарияланып жатыр. Өкінішке қарай, осы уақыттарда уәкілетті органдар көп жағдайда тұрақты жүйелі жұмыс жасамайды, кейбір резонанстық жағдайларда болған оқиға туралы ақпараттар, түсініктемелер толық берілмейді. Осы топтағы балаларға осындай жағдайларда жедел жұмыстар жүргізу керек. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Ұстаздардың, білім беру ұйымдары басшыларының және өзге де қызметкерлердің осындай жағдайларда біркелкі алгоритмі бар ма? Сонымен қатар осы жағдайға басқа сала мамандарын тарту үшін кейбір стандарттар немесе хаттамалар қаралған ба? Рақмет.

ТӨРАҒА. Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Мелдебекова Майра Тұрғанбайқызы, жауап беріңіз.

МЕЛДЕБЕКОВА М.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутат, сұрағыңызға рақмет. Жалпы балалардың қауіпсіздігі мен олардың құқықтарын қорғау Оқу-ағарту министрлігінің негізгі бақылауында, сонымен қатар сіздің сауалыңызда аталған алгоритм қазіргі таңда құқық бұзушылықтар туралы заң аясында әзірленді. Бұл құжат қазіргі таңда бірнеше мемлекеттік органдармен келісілді. Атап айтатын болсақ, Ішкі істер министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Қазіргі таңда бұл заң жобасы Әділет министрлігінде тіркелу барысында.

Негізгі жаңашылдықтарға келсек, бұл жерде өзіңіз айтқан бірлесіп жасайтын іс-қимылдардың алгоритмі көрсетілген, әрбір мемлекеттік органның қызметкерлерінің функциялары белгіленген. Сонымен қатар бұл ереженің тағы бір жаңашылдығы – кейс-менеджердің енгізілуі. Жалпы білім беру ұйымдарында осындай қиын жағдайға қалған балаларға, буллингке тап болған, басқа да зорлық-зомбылыққа тап болған балаларға кейс-менеджер бекітілетін болады. Кейс-менеджер жалпы басынан аяғына дейін осы істі жүргізетін болады және аталып өткен барлық мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің бірлесіп жасайтын жұмысына сүйемелдеу жасайды. Жалпы осы алгоритмнің нақты уақыттары да бекітілген. Біріншіден, осындай зорлық-зомбылық немесе кез келген факт жергілікті жерде орын алған кезде балалардың құқықтарын қорғаудың өкілетті органына, сонымен қатар жергілікті жердегі органдарға дер кезінде хабарлау. Қазіргі кезде практикадан көріп отырмыз, көбінесе бұндай жағдайларды әлеуметтік желіден көріп, ары

қарай жұмыс жасалатын еді. Енді қазір жергілікті атқарушы орган немесе білім беру ұйымдары ақпаратты бір сағаттың ішінде беру керек, сонымен қатар бір күннің ішінде балаға кейс-менеджер бекітілу керек және де осы жағдайды зерделеп, жергілікті жердегі құқық бұзушылықтардың комиссиясында үш күннің ішінде қаралу керек. Жалпы бұл жаңа ереже, бұл жергілікті атқарушы органдармен біз тығыз байланыста түсіндірме жұмыстарын жасап жатырмыз. Жұмыс тұрақты бақылауда. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Ғылым және жоғары білім вице-министріне.

Заңда «академиялық адалдық» деген жаңа ұғым енгізіліп отыр. Бұл өте маңызды бастама деп ойлаймын. Себебі қазіргі кезде жоғары білім беру жүйесінде цифрландыру қарқынды еніп отыр. Цифрлық технологиялар білім алуға көп мүмкіндік беретіні сөзсіз, бірақ сонымен бірге дайын жұмыстарды көшіре салу, жасанды интеллектіні орынсыз пайдалану, ғылыми деректерді бұрмалау сияқты тәуекелдер де бар. Мұның бәрі академиялық адалдық қағидаттарына қауіп төндіреді.

Гүлзат Избасарқызы, осыған байланысты сізге сұрағым бар.

Айтыңызшы, министрлік академиялық адалдық қағидаттарын түсіндіру бойынша студенттер мен оқытушылар арасында арнайы оқыту жұмыстарын (арнайы семинарлар немесе біліктілік арттыру курстары) жүргізе ме?

Келесі сұрақ. Плагиатты, көшіріп жазуды және басқа да академиялық бұзушылықтарды анықтайтын нақты тетіктер жеткілікті ме?

Осы орайда айта кету керек, бүгінгі таңда елдегі жоғары оқу орындары антиплагиат жүйелерін көптеп енгізуде, бірақ өзінің ғылыми жұмыстарын тексерген көптеген азамат тіпті ғылыми мақалалардағы әдебиеттер тізімінің өзін плагиат ретінде анықтап жатқанына шағымданып отыр. Осы тұрғыда қандай жұмыстар атқарасыздар? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ғылым және жоғары білім вице-министрі Көбенова Гүлзат Избасарқызы, жауап беріңіз.

КӨБЕНОВА Г.І. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Алишер Гапиржанович, шын мәнінде де қазіргі цифрландыру және жасанды интеллект заманында академиялық адалдықты, яғни сондай мәдениетті университетте қалыптастыру өте маңызды мәселе.

Біріншіден, оқытушылар мен студенттердің арасында академиялық адалдықты түсіндіру, жасанды интеллектіні жұмыс барысында пайдалану немесе академиялық жазбаны, яғни ғылыми жұмыстарды, жазба жұмыстарын қалай жазу керек екенін түсіндіру өте маңызды мәселе. Министрлік бұл бағытта жұмысты бастап кетті, 2023 жылдан бастап осындай арнайы курстар жүргізіліп жатыр. Арнайы курстарды бір жағынан жоғары оқу орындары өз тарапынан, екінші жағынан Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының ассоциациясы ұсынып отыр. Ал министрлік тарапынан студенттерге арнайы

«AI-Sana» бағдарламасы жасақталды. Бұл бағдарлама аясында 670 мыңнан астам студент оқытылды, ал оқытушылар үшін осы үстіміздегі оқу жылынан бастап «OpenAI» компаниясымен бірлесе арнайы курстар жүргізіліп жатыр. Бұл мәселе біздің назарымызда, ол алдағы уақытта да жалғасатын болады. Ал екінші сұраққа келетін болсақ, шын мәнінде де антиплагиат өте қажет, себебі жазбаша жұмыстарды немесе ғылыми жұмыстарды адалдықты сақтай отырып жазғаны қажет.

Жоғары оқу орындары бүгінгі күні әртүрлі жүйелерді пайдаланады, оның ішінде қазақстандық жүйе де бар, халықаралық жүйелер де бар. Бірақ бұл жеткіліксіз деп ойлаймын, ең бастысы біздер оны оқу процесінде және бағалау жүйесінде ескеруіміз керек. Студенттер жоғары оқу орнына келгеннен бастап, яғни бірінші курстан бастап арнайы академиялық жазбаны, зерттеу этикасын сақтауды, жазбаша жұмыстарды пайдалану немесе пайдаланған әдебиеттер мен деректерді қалай келтіру керек екенін оқу барысында қалыптастыруымыз қажет. Бұл мәселе де назарымызда. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресуются представителю Министерства здравоохранения.

Предлагаемыми поправками в Кодекс «О здоровье народа и системе здравоохранения» вводится интернатура в качестве самостоятельного уровня подготовки выпускников медицинских организаций образования и обеспечения их поэтапного допуска к клинической деятельности.

Поправки направлены на повышение качества практической подготовки выпускников, закрепление статуса врача-интерна, развитие наставничества, а также поэтапный и контролируемый допуск молодых специалистов к самостоятельной клинической практике, в том числе в сельской местности и моногородах. Однако на практике могут возникнуть риски.

Готовы ли районные больницы в селах и моногородах принять врачей-интернов и обеспечить их материально-технической базой? Не получится ли на практике, что интерны будут просто заполнять бумаги из-за отсутствия необходимого современного оборудования?

Как будет решаться вопрос дефицита времени и мотивации у практикующих врачей в регионах, которые уже перегружены основной работой, не смогут уделять должного времени практикантам?

Предусмотрены ли четкие механизмы обеспечения интернов жильем, подъемными выплатами и оплатой труда в регионах, чтобы избежать их выгорания и массового оттока?

И еще один немаловажный момент. Разграничена ли правовая ответственность за врачебную ошибку между интерном и его наставником?

В связи с вышеизложенным возникают вопросы.

Не станет ли формальностью без комплексного решения введение обязательной интернатуры?

По Вашему мнению, какие результаты ожидаются в случае внедрения данных новелл для системы здравоохранения? За счет каких механизмов планируется гарантировать, что молодые врачи в регионах получат реальный клинический опыт, а сельское население – безопасную и качественную медицинскую помощь? Рақмет.

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Сұлтанғазиев Тимур Сламжанұлы, жауап беріңіз.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ Т.С. Жанна Бейсентаевна, спасибо за вопросы.

Мы с Вами полностью согласны, что интернатура не должна стать просто формальностью. Именно для этого внедряется не просто интернатура, а меняется комплексная реформа в части практической подготовки медицинских кадров, в том числе в рамках уровня интернатуры.

Первое. Хотел бы отметить, что клинические базы, в том числе районного уровня, обязательно должны проходить аккредитацию, должны соответствовать определенным требованиям в части оснащения, кадрового обеспечения, условий пребывания и так далее. Данные требования предусматриваются не только для медицинских организаций районного уровня, но и университетских клиник, областных, городских больниц, организаций первичного звена, симуляционных центров.

Основная задача – обеспечить реальную практическую подготовку врача-интерна.

Второе. Первый раз внедряется на уровне закона институт клинического наставника, чтобы обеспечить статус врача, который обеспечивает подготовку молодого специалиста. Предусмотрены соответствующие стимулирующие меры. Это не дополнительная нагрузка на врача, а дополнительная помощь. На самом деле врачи-интерны поэтапно получают дополнительные клинические компетенции и практики и будут помогать непосредственно врачу-наставнику.

Третье. В рамках допуска к клинической практике обязательно предусматривается интерну в рамках данного закона доступ к медицинским информационным системам, которого до этого не было, работа в рамках режима конкретной медицинской организации, где он практикуется.

Впервые внедряется страхование профессиональной ответственности врача-интерна и врача-резидента. Здесь в первую очередь мы обеспечиваем безопасность как пациента, так и молодого специалиста.

Четвертое. Хотел отметить, что подготовку кадров на уровне интернатуры мы предполагаем в первую очередь для первичной медико-санитарной помощи и сельского здравоохранения. Соответственно, акцент будет сделан на клинической практике, именно подготовке молодых специалистов для первичного звена, подготовке по наиболее востребованным или распространенным заболеваниям, профилактике заболеваний, диспансерному наблюдению пациентов. А высокотехнологичные, наиболее сложные методы лечения предусмотрены в рамках отдельной программы обязательной резидентуры, где дополнительные компетенции прививаются врачу-интерну.

Пятое. Вопросы социальной поддержки молодых специалистов постоянно на контроле Министерства здравоохранения совместно с местными исполнительными

органами, у нас имеются механизмы предоставления жилья, подъемных средств для молодых специалистов.

В целом хотел бы отметить, что ожидаемым результатом предлагаемых изменений является повышение именно практической подготовки молодых специалистов, то есть снижение разрыва между образованием и реальной практикой. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Оқу-ағарту министрлігінің өкіліне.

Құрметті Майра Тұрғанбайқызы! Осы заң арқылы ұлағатты ұстаздарымызды қорғап, қолдап, білім беру процесінде тиісті түрде жайлы жағдайлар қалыптасады деп сенеміз.

Мемлекет басшысының бастамасымен салынған жайлы мектептеріміз нағыз білім ордасы қандай болу керек екендігін бәрімізге көрсетті. Өкінішке қарай, ескі мектептермен арадағы айырмашылық өте үлкен болып отыр. Осы теңсіздікті азайту мақсатында Президенттің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес «1 мың 300 мектепті реновациялау» жобасы іске асырылуда. Жобаның тұжырымдамасы өте орнықты әрі қажетті.

Соңғы жылдары көптеген міндеттердің, оның ішінде жекеменшік мектептерге арналған мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру жергілікті атқарушы органдарға жүктеліп жатқаны бәрімізге белгілі. Енді реновация бағдарламасы бойынша осындай жағдай қайталанбай ма деген сұрақ туындайды. Себебі көптеген өңірлердің қаржылық мүмкіндігі шектеулі. Егер мұндай ауқымды жобалар толықтай жергілікті атқарушы органдарға қалдырылса, онда бағдарламаның іске асуы тағы да тежелуі мүмкін. Осыған байланысты сұрақ бар.

Министрлік реновация бағдарламасын қаржыландыруда республикалық бюджеттің үлесін арттыру немесе нақты қолдау тетіктерін енгізу мәселесін қарастыра ма?

Мектеп инфрақұрылымын жаңарту мәселесін тек әкімдіктерге жүктеу өңірлер арасындағы білім сапасының айырмашылығына әкеліп соқпай ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Майра Тұрғанбайқызы, жауап беріңіз.

МЕЛДЕБЕКОВА М.Т. Сұрағыңызға рақмет, құрметті депутат.

Жана өзіңіз айтқандай, 1 мың 300 мектепті реновациялау қазір жергілікті атқарушы органдардың есебінен қаржыландырылады. Өйткені қазіргі қолданыстағы Бюджет кодексіне сәйкес мектептер жергілікті атқарушы органдардың теңгеріліміне жатады. Сондықтан бұл жергілікті атқарушы органның бюджетімен қаржыландырылады. Дегенмен қазіргі таңда бұл өзекті мәселе. 1 мың 300 мектептің 900 мектебі ауылдық жерде орналасқан. Біздің ақпаратымызға сәйкес осы 1 мың 300 мектептің 300-ден астамы 2025 жылы реновациядан өтті, яғни бұл жерде материалдық-техникалық базасын нығайту, интернет желілерін жетілдіру және толық күрделі жөндеу жүргізу жұмыстары жасалған. Сонымен қатар 2026 жылы 400-ден астам мектепке реновация жасалуда. Жергілікті атқарушы органдар тиісті бюджеттерді қарастырған, дегенмен бұл жұмыстарды келесі

